

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шығыс ішкі істер көлік басқармасының қосымша органдарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 қыркүйек 1994 ж. N 1011

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін қамтамасыз ету, республика азаматтарының құқықтарын, бостандығы мен мүдделерін қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының аумағымен өтетін Орта Азия және Қырғыз темір жол учаскелеріне жедел қызмет көрсететін болуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өзінде бар штат саны есебінен 134 адам бөліп:

- Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Жетісай станцияларында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шығыс ішкі істер көлік басқармасының тораптық бөлімдері мен Дарбаза, Жылға, Шардара станцияларында милицияның тораптық пункттерін;

- Жамбыл облысының Мерке, Шалдабар станцияларында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шығыс ішкі істер көлік басқармасы милициясының тораптық пункттерін құратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі,

"Казконтракт" республикалық контракт корпорациясы" акционерлік қоғамы ішкі істер министрлігінің өтінімі бойынша материалдық-техникалық және көлік құралдарының қажетті санын бөлсін.

3. Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының әкімдері қажетті үй-жай бөліп, құрылатын көлік милициясы бөлімшелерінің қызметкерлерін пәтерлермен қамтамасыз етуге көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК